

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 298 (2014), 132 – 138

**PHRASEOLOGICAL UNITS AND PROBLEMS
OF THEIR TRANSLATION**

A. S. Tarakov, I. K. Azimbayeva

Kazakh National University named after al-Farabi, Kazakhstan, Almaty;

E-mail: Anuar_tarak@mail.ru indira_azimbayeva@list.ru

Key words: phraseological unit, phraseological translation, non-phraseological translation, translator, literary translation.

Abstract. The article deals with various ways and methods of translation of phraseological units from the text of the original. Special attention is paid to preservation of figurativeness, edification, melodically-rhythmic structure of steady combinations. The description of difficulties is given when translating national and cultural components. Thus phraseological units can be replaced with equivalent units that demands the careful analysis of professional activity of the translator. The important ways and methods of transferring phraseological units from source language into target one are considered in the following article. The significance of a translator's personality during translation is also emphasized in the given article.

ӨОЖ 81'25

ВАК 10.02.19

**ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ә. С. Тарақов, И. Қ. Әзімбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: фразеологиялық бірлік, фразеологиялық аударма, фразеологиялық емес аударма, аудармашы, көркем аударма.

Аннотация. Мақалада фразеологизмдердің түпнұсқадан аударма тілге аударудың негізгі амал-тәсілдері мен жолдары көрсетілген. Тұрақты сөз тіркестерін тәржімалау кезінде оның образдылығына, нақылдылығына, ырғақтық-әуездік сипатына, тұспалды мағынасының сақталуына назар аударылады. Фразеологизмдерде көрініс тапқан ұлттық-мәдени компоненттерді аудару барысында аудармашы үшін туындайтын қиындықтарға сипаттама беріледі. Фразеологиялық бірліктердің аудармадағы көрінісі мүлдем басқа тілдік бірліктермен не басқа ұғымдармен көрініс табуы мүмкін. Сондықтан аударма барысындағы аудармашы қызметіне талдау жасалынады.

Фразеологиялық тіркес – ойды мәнерлі жеткізетін сөздер тобы. Ондай тіркестер әдетте тұрақты болады. Олар «идиомалық тіркес», «фразалық тіркес» деп екіге бөлінеді. Идиомалардың білдіретін мағыналарына, олардың құрамындағы сөздердің мағыналары қатынаспайды, мүлде басқа мағынада, сол тұрақты қалпында ойды әсерлі, көркем жеткізуде қолданылады. Олар: қой үстіне боз торғай жұмыртқалау, қара қылды қақ жару, жүрегі шайылу. Фразалық тұрақты тіркестер де ауыспалы мағынада кездеседі. Олардың идиомалық тіркестерден айырмашылығы – құрамындағы сөздердің (не бірінің) бастапқы мағынасы айтылған ойға қатысты. Мысалы: тіл алмау, көз қырын салу, жаны ашу, үрейін ұшыру, тасы өрге домалау, жарғақ құлағы жастыққа тимеу т.б.

Француз аударматанушысы Ш. Балли «Қандай да бір сөз тіркесінің құрамына енген архаизмдер – сол тіркестің фразеологиялық мәнге ие болғандығын көрсетеді» деген ойда.

Фразеологизмдер ұлттық тіл байлығы мен тілдің қолданылу мүмкіндігін, оның алуан түрлі сипатталу ерекшелігін танытады. Көркем шығармада кейіпкердің білімділігін, ой тереңдігін көрсетумен бірге, жазушы белгілі бір затты, оқиғаны сипаттауда қалыпты мәтінді қолдана бермей, образды, тұспалды мағынадағы тұрақты сөз тіркестерін пайдаланады. Фразеологизмдер экстралингвистикалық, яғни сыртқы факторларға (тарихи әлеуметтік, экономикалық – діни, этикалық, салт-дәстүрлері, тұрмыстық, кәсіптік, адамдардың қарым-қатынасына) басқа да ерекшеліктерге байланысты.

Фразеологизмдер жалпы халықтық құндылықтарды тілдің образдылығын, нақылдылығын, ырғақтық-әуездік сипатын, реттілігін сақтайды.

Фразеологизмді танып білудің І. Кеңесбаев айқындаған үш белгісі бар: қолданылу тиянақтылығы, мағына тұтастылығы, тіркес тиянақтылығы [1, 590].

Жалпы фразеологизмдер тұрақты саналғанымен, құрамы, құрылымы жағынан құбылып, өзгеріп отырады. Осындай өзгермелі табиғатының бір көрінісі – варианттылығы (әр нұсқалығы). Фразеологизмдердің қолдану тиянақтылығы сөйлемде, айтылуында бұрыннан қалыптасқан даяр қалпында жұмсалатын еркін сөз тіркесінен айқын байқалады. Мысалы: Аузымен орақ орған өңкей қыртың. (Абай) Бет моншағы үзіліп. Ит арқасы қияннан.

Екінші белгісі – фразеологизм бірлігінің өзіне тән мағынасы болады. Ол мағына тұрақты тіркесті құрастырушы, сөздердің мағыналарымен үнемі сәйкесе бермейді, тіркес ішіндегі сыңарлар тұтасып барып, бір мағынаны білдіреді. Жұмған аузын ашпау (үндемеу), бүйректен сирақ шығару (ұрыс-жанжал шығару), көзді ашып-жұмғанша (жылдам тез).

Үшінші белгісі – тіркес тиянақтылығы. Тұрақты тіркес тізбегіндегі сөздер айтушының қалауынша емес, қалыптасқан белгілі бір жүйемен орналасқандықтан, ара-жігі ажыратылмайды. Пендешілік жасады – адамшылық жасады делінбейді. Сұқ тиді, көз тиді – дегенді тіл тиді деуге болмайды. Фразеологизм бірлігінің басты белгілері – тұтастық, тұрақтылық, тиянақтылық.

Фразеологизмдер, фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек болып бөлінеді. Мысалы: Қас пен көздің арасында – (лезде, тез) қырық пышақ болу (араздасу). Тұтастық, мағыналық жігін ажыратуға келмейді.

Сонымен, еркіндігінен айырылған, бір-бірінен ажырамайтын мағыналық қалыпқа кірігіп кеткен тіркестер тұрақты тіркестер не фразеологизмдер деп аталады. Фразеологизмдердің өзіне тән белгілері: лексикалық мәні, компоненттік құрамы, грамматикалық категорияларының түрі. Фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық бірліктер сөздерге жанамалық қатыста жұмсалыуына орай, көбінесе бір топқа бірігеді. Бұл идиомалар немесе идиомалық орамдар делінеді.

Идиомалар ерекшелігі – тиянақтылығы, бұрыннан қолданысқа енгендігі. Идиомалар барынша қысқа келеді де, барлық сыңарлары топтасып бір ғана мағына білдіреді. Олардың сыңарлары тиянақты ойды бейнелеп, тұспалдап жеткізеді. Идиомаларды аудару қиын болса да, аудару қажет. Оны калька тәсілімен де, не баламалы аударуға да болады – «Дураку закон не писан – Ақымаққа заң жоқ немесе ақымаққа сот жоқ. Сухая ложка рот дерет – Құрғақ қасық ауыз жыртар». Халықтардың тұрмыс-тіршілігінің ұқсастықтарынан балама түрдегі идиомалар кездеседі, айтылған сөздің нысаны бір болғандықтан, ұқсас фразеологиялық орам жасалады: Не в свои сани не садись – Көрпеңе қарай көсіл. Что посеешь, то и пожнешь – не ексең, соны орасың.

С. Виноградов фразеологизмдерді үш үлкен топқа бөледі:

1. *Лексикалық фразеологизмдер*. Ол сөздермен мағыналық байланысты, оған ұғымымен ұқсас. Мысалы: козел отпущения, держат язык за зубами т.б. Аталған фразеологизмдер сөзде дайын лексикалық бірлікте, сөздің түрлі бөлігінде зат есім, етістік, сын есім, үстеу т.б. баламалық сипатта кездеседі. Олар мағыналық жағынан ажырамас бірлікте, жинақты, толық мәнге ие.

2. *Предикативтік фразеологизмдер*. Бұлар ережеге сай тілге тұрақты, тұжырымдалған түрінде тиянақталған сөйлемдер. Мысалы: Шила в мешке не утаишь. Лучше синица в руках, чем журавль в небе, лучше поздно, чем никогда. Выбирай жену не в хороводе, а в огороде т.б.

3. *Компаративтік фразеологизмдер* тілге тұрақты теңеу түрінде орныққандар. Мысалы: хитрый как лиса, твердый как камень. Поет как соловей, работает как вол т.б.

Фразеологизмдерді аударуда түпнұсқадағы тұрақты сөз тіркесіне сәйкес берілген мағыналық, эмоционалды-экспрессивтік және функционалды-стилистикалық мазмұнын сақтау қажет. Аудармашы осыған ұқсас сәйкестік іздеуі керек.

а) Аударма тіліндегі фразеологизм түпнұсқа фразеологизмімен пара-пар және мәндес болып сол стилистикалық бояумен және ішкі түрін қайталауы мүмкін. Мысалы Ахиллесова пята, длинный язык – болтун.

б) Аударма тіліндегі фразеологиялық бірлік түпнұсқадай жақын мәндес, бірдей стилистикалық бояуымен және образдылықтың ішкі түрінің сипаты бойынша сәйкес келуі мүмкін. Белая ворона – важная птица т.б. Кейбір фразеологизмдердің толық түрде емес жекелеген бөліктері баламалы болуы мүмкін.

в) Аударма тілінде стилистикалық баламалы фразеологиялық тіркестер тәрізді түпнұсқада соған жақын мәнде болғанымен, ішкі түрі басқаша кездесуі мүмкін. Мысалы: Убить двух зайцев – бір оқпен екі қоянды атып алу.

г) Аударма тілінде түпнұсқамен өзінің мәнімен де әрі сөздің стилистикалық бояуының әрімен де сәйкес келетін фразеологизмдер: (расточитель), строптивый, бахвалиться.

Аудармашы фразеологизмді фразеологизммен аударғысы келгенмен, көп жағдайда мағына жағынан соншалықты тепе-тең бола бермейді, кейде мағынасы басқа әрі стилистикалық сипатымен сай келмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда сөздік сәйкестік көмегімен, сипаттамалы аудару керек не калька жасау тиімді. Түпнұсқа мен аудармадағы фразеологизмде кейде сипаттамалы, түсіндірмелі сәйкестік жасалады, еркін сөз тіркестерімен беріледі.

Компаративтік тұрақты сөз тіркестерін тәржімалау кезінде екі тәсіл қолданылады. Соған сәйкес фразеология таңдалынады немесе түпнұсқа орамдарынан калька жасайды. Оны шет тілдік фразеологизмнің баламаларымен аудару ұлттық орамның өзгешелігін жоғалтады, мағыналық, стилистикалық және функционалды сәйкестігі сақталады. Екіншісі жағынан компаративті орамдарды калька жасау ұлттық колориттің әлсіреуіне әкеп соғады. Өйткені фразеологизм емес калька тәрізді еркін сөз тіркесі болып қана қалады, дербес авторлық теңеу түрінде қабылданады. Сонымен тұрақты сөз тіркестері түрін өзгертіп тұратындығын ескере келе, оны аударуда толық және жекелеген сәйкестіктегі (баламаларды) қолданумен бірге калька жасау, қайта мазмұндау тәсілі қолданылады.

Тұрақты сөз тіркестерін аудару аса қиын, оған аудармашының лексикологиялық сөздік қорының байлығы аса қажет. Аудармашылар мағыналық астарын ажырата алмай, жиі шатасады. Фразеологизмдердің мағыналық, стилистикалық қызметі әр тілде әр түрлі. Оларды аудару кезінде әр тілдегі сөздердің өзіндік тіркесу ерекшелігін, көркем шығармадағы стилистикалық-семантикалық қызметін ажырата білу керек. Фразеологизмдердің өзіндік дара белгілері мыналар: лексикалық мәні, компоненттік құрамы, грамматикалық категорияларының түрлері. Фразеологизмдер – ұлттық тілдің байлығы мен сұлулығын, бейнелілігі мен өткірлігін көрсететін айрықша құбылыс. Мұнда ұлттық сөйлеу мәдениетінің, ойлау жүйесінің, дүниетанымының сипаты дараланып тұрады. Фразеологизм екі немесе бірнеше тіркестен құралатын орам, көп мағыналы шағын сөйлем үлгісі. Абайдың өлеңге берген анықтамасында «көкірегі сезімді, тілі орамды» деуі де бейнелі сөйлеп, көркем жазу мәдениетін танытады.

Әр сөзде тұрақты сезімдік сипатты анықтайтын қуанышты, ренішті білдіретін сөздер бар. Мұндай сөздер жеке қолданыста автордың субъективті қатынасын да білдіреді. Эмоционалды мәндегі сөздер әрқилы контексте әралуан мәнді белгілерін көрсетеді. Фразеологиялық бірліктер аудармашының қиындығы – ешбір сөздіктің, контексте тұрақты сөз тіркесін пайдаланудың барлық мүмкіндігін қарастыра алмайтындығы. Оның үстіне әр тілдегі тұрақты сөз тіркесінің өзіндік тіршілік-тұрмыс, әдет-салтқа қатысты мән-мағынасы бар.

Тұрақты тіркестердің өзі – идиома, фраза (шағын сөз топтары), мақал-мәтелдер «Қазақ тілінің стилистикасы» кітабында «Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін бірлік болып, қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде фразеологиялық орам немесе фразеологизмдер деп атайды» деген анықтама беріледі [2, 106].

Тұрақты сөз тіркестердің кейбіреуі аудармаға мүлде келмейді. Мағыналық жағынан жуыспайды. Мұндайда не істеу керек? Аудармашы тұрақты тіркестің орнын басатын, мағыналық

жағынан ұқсас мәтіндермен ойды дәл жеткізу мүмкіндігін қарастырады. Көркем прозада ұғымға ауыр, астарлы тұрақты сөз тіркестері мен идиомалар дұрыс аударылуы тиіс.

Дегенмен идиомаларда аудару мақал-мәтелдерді аударуға қарағанда қиын. Өйткені олар жеке тұрғанда негізгі мағынасын сақтамайды, өзара жымдасып, бір ғана негізгі лексикалық ұғым береді. I. Кеңесбаев, F. Мұсабаев атап көрсеткендей:

1) «тұтас бір ұғым жеке сөздердің ұғымынан алшақ кетеді де жеке сөздер (компоненттер) өзінің дербес ұғымынан не жартылай, не мүлдем айырылып қалады»;

2) бұл тізбектердің көпшілігі екінші тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді [3, 207]. «Идиома фразалар – көбінесе дыбыс үйлесімділігіне құралады. Тұрақты сөз тіркесін аудару – қиындығынан кейбір аудармашылар оның ауыспалы мағынасын, тұспалды ойын аңдамай қалады. Тура, сол күйінде, сөзбе-сөз қайталап аударылады. Содан мәтін мағынасы мүлде бұзылады» [3]. Автор ойы түсініксіз, кейде кереғар ұғымда жетеді. Г. Бельгер қазақ аудармашылары орыс тіліне аударған мынадай тұрақты тіркестерді атайды: «воротнички ушли на джайлау – «жағасы жайлауға кетіп», «сделать одну голову двойной» «бір басты екеу ету» т.б. фразеологиялық орамдар мен тіркестердегі ой астарына мән бермеу күлкілі жағдайға ұшыратады.

Тұрақты сөз тіркестері біртіндеп екінші тілге аударуға келе бермейді, оларды сөзбе сөз аудару мағынасын мүлдем бұрмалайды. Оларды мағыналық жағынан жақындайтын баламалар немесе мағынасын жеткізе алатын жекелеген сөздермен, еркін сөз тіркестерімен тәржімалау тиімді. Аудару үшін фразеологиялық тұтастықты, фразеологиялық бірлікті, фразеологиялық тізбекті білу қажет. Фразеологиялық тұтастық бір-бірінен бөлініп, ажыратылмайтын, мағынасы жағынан құрамдағы сыңарлардың мағынасымен мүлдем байланыспайтын әбден бітісіп, тұтасып кеткен, томағатұйық тіркестер. [4, 170]. Мысалы: ит өлген жер – алыс, жүрек жұтқан – (ештемеден қорықпайтын, сескенбейтін, батыл) үріп ауызға салғандай – әдемі, сүйкімді т.б.

Көптеген тіл мамандары фразеологизмдерді аударылмайтын тілдік бірліктер деп сипаттайды. Бұған мүлдем келісуге болмайды. Кейбір тұрақты сөз тіркестерінің аударылуы қиындық туғызатыны белгілі. Фразеологиялық бірліктердің образдылық құрылымы ұлттық ерекшеліктерімен тығыз байланысты болады, олардың мағыналарының даралығы және қайталанбастығы аудармада да оңайлықпен жүзеге аспайды. Аудармашының алдында тұрған қиын міндет – бір тілдегі фразеологизм мағынасын басқа тілдің құралдарымен дәл және сәйкестікте жеткізу. Бұл қиындықтың тереңдей түсетіні фразеологиялық бірліктер құрылымдық-мағыналық қатынаста бір текті келмейді. Тұрақты сөз тіркестеріне мағыналық трансформация жасау оның барлық бірліктерін қайта ойда сараптауды қажет етеді. Фразеологиялық тұтастықты кейде идиома дейді. Мысалы: Қас пен көздің арасында – лезде. Фразеологиялық бірліктер мағынасы жағынан ажыратылмайы, тұтасынан бір бүтін мағынаны білдіретін, бірақ сөз тіркестерінің бір бүтін мағынасы лексикалық сыңарларының мағыналарының бірігіп тұтасуынан туатын тұрақты сөз тіркестері [4, 172]. Мысалы: Ауырдың үсті, жеңілдің астымен, тайға таңба басқандай, екі езуі құлағына жету. Бұлар астарлы, бейнелі әрдайым аңғарыла бермейтін мағынасымен, айрықша әсерлі, мәнерлілігімен, сыңарларының орнын өзгерту немесе басқа сөзбен алмасуға келмеуімен ерекшеленсе, тіркесті синонимдес келетін тұтас т.с.т мен немесе мағына жағына дәлме-дәл келетін жеке сөзбен алмасатындығы.

Фразеологиялық бірліктерді образдылық сипатымен аудару кезінде белгілі бір заңдылықтарын айқындап алып, оны 4 түрлі тәсілмен жеткізу керек:

- 1) шет тіліндегі болмысын, сипатын толық сақтау арқылы;
- 2) образдылығын жекелеген өзгерістермен жасау;
- 3) образдылықты толық ауыстыру;
- 4) образдылықты алып тастау арқылы [4, 184].

Фразеологиялық бірліктерді аудару лингвистикалық терең, білім мен аудармашылық ізденісті қажет етеді. Образдылықты алып тастау кезінде аудармашы жинақтау, компенсация тәсілін пайдаланғаны дұрыс.

Фразеологиялық бірліктер – тілдегі ерекше лексикалық топ. Бірақ бұл топ – бірнеше сөзден құралғанымен, бір ғана мағына береді. Негізінен ауыспалы мағынаға ие, ең бастысы (образдылығы) бейнелілігі. Ит арқасы қиянда, ит өлген жерде – алыс, алыстың-алысы.

Сатиралық, әзіл, өткір, мысқыл, ащы, әжуа түріндегі тұрақты тіркестер бар. Мысалы: Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады. Асын ішіп, текеметін тіліп.

Фразеологизмдер аудармасы түсінікті, тиянақты мағыналық жақындықта болуы керек. Аудармада көбінесе жалпы мағынасы беріледі: Козел отпущения – кінәлі ету, Яблока раздора – егестің басы, Бросить слова на ветер – жөнсіз сөз айту т.б.

Екіншіден олардың мағыналас, мәндес, ұқсастығы, жақындығы қарастырылады. Мысалы «беречь как зеницу ока – көздің қарашығындай сақтау», «волосы встали дыбом – төбе шашы тік тұру», «за тридевять земель – жердің жеті түбі», «до седьмого неба – төбесі көкке жету».

Үшіншіден сөзбе-сөз аудару немесе калька тәсілін қолдану. «Как две капли воды – екі тамшы судай», «лучше поздно, чем никогда – ештен кеш жақсы», т.б.

Тұрақты сөз тіркестерін аударуда әр халықтың сөйлеу мәдениетін, ұлттық ерекшелігін, тілді қолдану дәстүрін жете білу, әрбір фразеологизмнің шығу тегін, жасалу жолдарын, т.б. сипаттарын терең түсіну қажет.

Фразеологизмдер – аударылуға оңайлықпен келмейтін, аударуға қиындық туғызатын тіл саласы. Фразеологиялық бірліктердің көпшілігі аударуға мүлде келмейді. Фразеологизмді аудару үшін аудармашыға әзірлік қажет:

- 1) фразеология саласындағы білім;
- 2) фразеология бірліктерін мәтінде тану қиындығы;
- 3) түпнұсқадағы мағынасымен бірге аудармада өзіндік экспрессивтік-стилистикалық функциясына сәйкес бірлікте жеткізу.

Бірінші кезең – өзіндік тұрғыда тұрақты сөз тіркестерін танып біліп, түпнұсқадағы мағыналық құрылымына мұқият зер салуды қажет етеді.

Түп астарын тану қиынға соғатын фразеологиялық бірліктерді аударуда мына жайларды ескерген жөн.

- 1) сөз деңгейінде аударуды туындататын ауыспалы (еркін) сөз тіркесі ретінде қабылдау;
- 2) оның үйлесімділігін аңғара отырып, автордың дербес стиліне немесе халықтың сөйлеу үлгісіне жатқызу;
- 3) тұрақты санадағы еркін сөз тіркесінің жасалуы оны фразеологиялық деңгейге сәйкес жеткізеді.

Аудармадағы кедергі – фразеологиялық бірлікті қабылдау қиындығы. Көп жағдайда сөзбе-сөз аудару салдарынан фразеологиялық бірліктердің мән-мағынасы жоғалып кетеді және негізгі мәтінге үйлеспей бөлектеніп қалады. Фразеологиялық бірліктерді аударуда оның негізгі тілдегі мәнін терең түсіну қажет. Фразеологизм тек фразеологизммен ғана аударылады, басқаша аударылуы мүмкін емес.

Аударма тілінде фразеология бірліктердің түпнұсқа тілімен мағыналық әрі конотациялық толық сәйкестігі баламалыққа жеткізеді. Фразеологиялық бірліктерді толыққанды аудару мүмкін болмаса, онда сәл шегініс жасай отырып, негізгі тілден аударма тілін ұқсас етіп аудару. Аударма тілінде фразеологиялық бірліктің баламасы не ұқсас мағынасы жоқ болса, сөздік жүйесінде аударылуға келмеген жағдайда ғана осылай жасалады. Онда негізгі тілдегі фразеологизм аударма тіліне фразеологиялық емес құралдармен жеткізіледі.

Фразеологиялық балама – бұл аударма тілінде бірлікке барлық көрсеткішімен тең келетін фразеологизм. Ол контекске еш қатыссыз-ақ денотативті және конанативті мәнге ие болуы керек. Үйлесімді фразеология бірлік арасында мағыналық мазмұнға, эмоционалдық-экспрессивтік бояуға қатысты еш айырмашылық болмайды. Оның тағы бір маңызды өзгешелігі – ұлттық колориттің қатыспауы. Толық және абсолютті баламалыққа жету – барынша жоғары талапты қажет етеді. Фразеологиялық баламалық кейде интернационалдық фразеологияда да кездеседі. Бірқатар тілде латын және грек тілінде шыққан фразеологиялық баламалар бар: поднять мечь, яблока раздора, адам адамға қасқыр (человек человеку волк), третьего не дано т.б. Толық емес (жекелеген) фразеологиялық баламалық негізгі тілдегі фразеологиялық бірлікке салыстырмалы абсолютті баламалық болып табылатын аударма тіліндегі сондай бірлікті айтады. Жекелеген баламалық өте сирек кездеседі.

Салыстырмалы фразеологиялық баламалық абсолюттіктен тек мына жағдайда кем түседі, негізі фразеологиялық бірліктен қандай да бір көрсеткішімен басқалары көбінесе синонимдік компоненттері, түрлерінің аздаған өзгерісі, синтаксистік құрылымының өзгеруі, басқаша

морфологиялық түрге жатқызуымен ерекшеленеді. Фразеологиялық ұқсастық счастливой звездой (фразеологизм доброй звездой).

1) Образдар бір-біріне өте жақын, жанасып, тұтасып жатуы мүмкін: «тихая вода», «тихий омут», «спящая вода», в тихом омуте черти водятся.

2) Екі ұқсастықтағы образдар (түпнұсқа мен аударма тіліндегі образ ретінде) екеуінің арасында еш айырмашылық болмай, ортақ мағына болуы. Фразеологизмге дербес баламалар да жатқызылады. Олардың шеберлікпен жасалғаны сондай, аударуға мүлде келмейді. Мұндайда сипаттамалы аударма жасалады. Образды фразеологизмдерде метафора, фразеологиялық бірліктер стилистикалық бояуы т.б сипаттары онымен жиі байланысты болғандықтан аудару қиын. Образды емес фразеологизмдер аудармасы образдылықтан бір жоспарлығымен ерекшеленеді. «Вот так так!» «Вот те на!» Образдардың сәйкес келмеуі аудармада күрделі мәселе туындатады. Ұлттық (кіріккен) интеграционалдық фразеологиялық бірліктер бар. Орысша Ахиллесова пята, Аредовы веки жить т.б. Фразеологиялық калькалар да бар грамматикалық фразеология етістіктерден тобынан тұрады. Авторлық фразеологизм жазушының тілдік ізденіс нәтижесі. Фразеология бірліктер астарлы, образды мағынасымен ерекшеленеді, оларда мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі ерекше. Эмоциональдық-экспрессивтік бояуы басым.

Фразеологизмдер ерекше бейнелілігімен экспрессивтілігімен сипатталады. Мысалы үріп ауызға салғандай – сұлу, көркем. Тайға таңба басқандай – ашық, анық, айқын. Кейде өткір мысқыл, ащы әжуа, тапқыр қалжыңға да құралады. Айдағаның екі ешкі, ысқырығың жер жарады, түйе үстінен сирақ ұйту, тіл-жағына сүйену, бүйректен сирақ шығару т.б. Тіл мамандары (М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев) фразеологизмдерді орыс тілінен қазақшаға аудару жолдарын көрсетеді:

1) Фразеологизмдер аударуда жалпы мағынасының берілуі. Вариться в собственном соку – өзімен-өзі болу. Козел отпущения – кінәлі ету. Яблоко раздора – егестің басы.

2) Аудармада өзара мәндестігі ескерілетіндігі. Беречь как зеницу ока – көздің қарашығындай сақтау, Зубы точить – тісін қайрау, Волосы встали дыбом – төбе шашы тік тұру, За тридевять земель – жердің жеті түбі, до седьмого неба – төбесі көкке жету.

3) Көптеген тұрақты сөз тіркестерінің біртіндеп екінші тілге сөзбе сөз немесе калька тәсілімен аударылуы. Бұған көбінесе идиомалар тән. Ни рыба, ни мясо – балық та емес, ет те емес, как две капли воды – екі тамшы судай, береги чести смолоду – арынды жастан сақта [2].

Ө. Айтбайұлы фразеологизмдерді аударуда екі топқа бөліп, мағынасы жағынан жеке сөздер мен сөз тіркесіне пара-пар келетіндерін идиомалардан, екіншіден синтаксистік құрамы біртұтас, тиянақты аяқталған ойды білдіретін мақал-мәтелдерді аударуда шығармалардағы қолданылу аясын, көлемін, түрін, мақсат, мәнін айқындап алу қажеттігін айтады [5].

Кейбір аудармашылар фразеологизмдерді тура мағынасында, сөзбе-сөз аударғандықтан, мәтін мағынасы басқаша ұғымды туғызады. Мәтіндегі қарама-қайшылық осыдан туындайды. Яғни сөйлем логикалық жағынан дұрыс құрылмайды. Аудармашы түпнұсқадағы фразеологизмнің мағыналық сипатын, тұспалды мәнін, астарлы сырын терең ұғынуы тиіс. Бұл үшін фразеологиялық сөздікті пайдалану тиімді. Содан кейін ғана оған аударылатын тілдегі баламамен сәйкестіктегі фразеологиялық ұқсастық түрлерін іздестіреді. Сәйкес, ұқсас фразеологизмдер жоқ болса, онда калька тәсілімен аударлады. Орыс әдебиетіндегі фразеологизмнің шығыс тіліне аударылуын зерттеушілер бірнеше мысалдармен салыстыру жасаған. Мысалы М. Горькийдің «Макар Чудрасындағы» «Век свой будешь свободной птицей» сөйлемінің аудармалары түрікше: «Өзіңнің бүкіл өмірінде еркін құс құсап өмір сүресің», жапонша: «Бар өмірінді құсқа ұқсап, еркін өмір сүре аласың», арабша: «Еркін құстай еркін өмір сүресің». Аударма кезінде «азат құс» (дәл трансформациясы «еркін құс») метафоралық бояуға ие болып, ұлттық сипатынан айырылған, калька жасалған. Зерттеушілер түрік аудармасы анағұрлым дәл, жапондағы фразеологизм салыстырмалы орамға айналған, мағыналық көмескілік элемент ретінде алынған дейді. Фразеологизмдер талдауда баламалар мен ұқсастықтар іздестіруден бөлек, лексикалық және сипаттамалы аударма, сөзбе-сөз (калька) жасау қолданылады. Көркем аудармада өзін-өзі үнемі ақтай бермейтіндіктен, бұл тәсілді тиімсіз санайды.

Қорыта келгенде, фразеологизмдерді аударуда 1) мазмұн мен түрін, экспрессивтік-эмоциялық әсерін, образдылығын тұтастай жеткізу керек, яғни заттық-сипаттық мағынасы түгел сақталады,

2) фразеологизмдердің мазмұны толық жеткізілгенімен, лексика-грамматикалық құрылысына ештеп өзгерістер енгізіледі. Заттық-сипаттық мағынасы жартылай сақталады. Үшіншісі халықтардың өміріндегі ұқсас жағдайлар мен құбылыстар нәтижесінде жасалған мақал-мәтелдерді бір-біріне дайын балама ретінде пайдалану мүмкіндігі. Мұндай лексика-семантикалық топтар әр халықта бар. Ұлттық бояуы айқын, аударуға аса қиын фразеологизмдер де кездеседі. Оны ұлт тіліне мағынасын жақындата, сәйкестікте аудару дүниетаным кеңдігін, ойлау даралығын танытады. Ө.Айтбайұлы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер аудармасын қарастыра келе «фразеологизмдер жазушының негізгі мақсатына орай стильдік қызмет атқарады. Ендеше, жазушының стилистикалық мақсатына орай, олардың аудармасын қарастырған жөн» деген пікірде. Оларды аударуда шығармалардағы қолданылу өрісін, көлемнің түрін, мақсатын анықтап алуды ұсынады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
- [2] Балақаев М., Жанпейісов Е., Тomanov М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оқулық. 3-басылым. – Алматы: Дәуір, 2005. – 256 б.
- [3] Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). – Алматы: Қазақстан мем. оқу-пед. баспасы, 1962. – 315 б.
- [4] Аханов К., Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 495 б.
- [5] Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы: Ғылым, 1975. – 228 б.
- [6] Комиссаров В. Н. Общая теория перевода пособие. – М.: ЧеРо, 1999. – 136 с.
- [7] Львовская З.Д. Современные проблемы перевода. – М.: Изд. ЛКИ, 2008. – 224 с.
- [8] Тарақов Ө.С. Аударма әлемі. Оқу құралы. Өнд. Тольқт. 2 бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 332 б.
- [9] Алексеева И.С. Учеб. пособие для студ. филол. и лингв. фак. высш. учеб. заведений. СПб.: Филологический факультет СПбГУ. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 352 с.

REFERENCES

- [1] Kenesbayev I. *Kazak tiliniñ frazeologijalyk sozdigi*. Almaty: Gylym, 1977. 712 b. (in Kaz).
- [2] Balakayev M., Zhanpejsov E., Tomanov M., Manasbaev B. *Kazak tilinin stilistikasy*. Okulyk. 3-basylym. Almaty: Dair, 2005. 256 b. (in Kaz).
- [3] Kenesbayev I., Musabayev G. *Kazirgi kazak tili (leksika, fonetika)*. Almaty: Kazakstan mem.oku-ped.baspasy, 1962. 315 b. (in Kaz).
- [4] Ahanov K., *Til biliminin negizderi*. Almaty: Mektep, 1978. 495 b. (in Kaz).
- [5] Ajtbaev O. *Audarmadagy frazeologijalyk kubylys*. Almaty: Gylym, 1975. 228 b. (in Kaz).
- [6] Tarakov A.S. *Audarma alemi*. Oku kuraly. Ond.Tolykt. 2 bas. Almaty: Kazak universiteti, 2011. 332 b. (in Kaz).
- [7] Komissarov V. N. *Obshhaja teorija perevoda* posobie. M.: CheRo, 1999. 136 s. (in Russ.).
- [8] L'vovskaja Z.D. *Sovremennye problemy perevoda*. M.: Izd. LKI, 2008. 224 s. (in Russ.).
- [9] Alekseeva I.S. *Ucheb. posobie dlja stud. filol. i lingv fak. vyssh. ucheb. zavedenij*. SPb.: Filologicheskij fakul'tet SPbGU; M.: Izdatel'skij centr «Akademija», 2004. 352 s (in Russ.).

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ И ПРОБЛЕМЫ ИХ ПЕРЕВОДА

А. С. Тараков, И. К. Азимбаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы Казахстан

Ключевые слова: фразеологическая единица, фразеологический перевод, нефразеологический перевод, переводчик, художественный перевод.

Аннотация. В статье освещаются различные способы и приемы перевода фразеологизмов с текста оригинала. Особое внимание при переводе обращается на сохранение образности, назидательности, мелодико-ритмической структуры устойчивых сочетаний. Также дается описание трудностей при передаче национально-культурных компонентов. При этом допускается возможность замены фразеологических единиц эквивалентными единицами, что требует тщательного анализа профессиональной деятельности переводчика. Подчеркнуто значение личности переводчика при выполнении перевода.

Поступила 12.11.2014г.